

Арнайы рұқсаттарға бақылау талондары туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің төрағасының 2002 жылғы 11 қыркүйектегі N 73-п бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 11 қазанда тіркелді. Тіркеу N 2006. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 26 шілдедегі № 571 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 26.07.2013 № 571 бұйрығымен.

Арнайы рұқсаттар мен олардың түбіршектерінде көрсетілген ірі көлемді және ауыр салмақты автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алынатын алым сомаларының сәйкес келмеуінің орын алған жағдайларының алдын алу мақсатында,

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Арнайы рұқсаттарға нөмірлері бойынша сәйкес келетін бақылау талондары Қазақстан Республикасының жолдары бойынша ірі көлемді және ауыр салмақты автокөлік құралдарының жүріп өтуіне арнайы рұқсаттардың ажырамас бөлігі болып саналсын.

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының жолдары бойынша ірі көлемді және ауыр салмақты автокөлік құралдарының жүріп өтуіне арнайы рұқсаттарға бақылау талондарының бланкілерін толтыру және беру тәртібі бекітілсін.

3. "Арнайы рұқсаттарға бақылау талондары туралы" Көліктік бақылау комитетінің 2001 жылғы 26 шілдедегі N№56-п бұйрығының күші жойылды деп есептелсін.

4. Автомобиль көлігінде және автожолдарда бақылау басқармасы (Қ.Н.Омаров) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Көліктік бақылау комитеті төрағасының орынбасары М.Х.Бектеповке жүктелсін.

6. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап қолданысқа енеді, таныстыру мен таратуға жатады.

Комитет төрағасы

Көліктік бақылау комитеті төрағасының
2002 жылғы 11 қыркүйектегі
N 73-п бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасының жолдары бойынша
ірі көлемді және ауыр салмақты автокөлік
құралдарының жол жүруіне арнайы рұқсаттарға
бақылау талондарының бланкілерін толтыру
және беру тәртібі**

Арнайы рұқсатқа және арнайы рұқсаттың түбіршегіне бақылау талоны, нөмірі бойынша сәйкес келетін арнайы рұқсаттың және арнайы рұқсаттың түбіршегінің ажырамас және міндетті бөлігі болып табылады.

Бақылау талондары біркелкі сиямен толтырылады, не компьютерде басылады және Қазақстан Республикасының жолдары бойынша ірі көлемді және ауыр салмақты автокөлік құралдарының жол жүруіне арнайы рұқсат беруге құзыреті бар аумақтық көліктік бақылау басқармаларының лауазымды тұлғалары береді.

Қазақстан Республикасының жолдары бойынша ірі көлемді және ауыр салмақты автокөлік құралдарының жол жүруі үшін алымдар сомасы графасында нөмірі бойынша сәйкес келетін арнайы рұқсаттың алымдар сомасына іспеттес
с о м а к ө р с е т і л е д і .

Арнайы рұқсатты алдым графасында арнайы рұқсатты алған тасымалдаушының фамилиясы, аты, тегі көрсетіледі және оның қолы қойылады.

Цифрлы кесте бойынша Қазақстан Республикасының жолдары бойынша ірі көлемді және ауыр салмақты автокөлік құралдарының жол жүруі үшін алымдардың аталған сомасы қиылып алынады, бұл ретте, қиылған сомаларда қ а т е л е р д і ж і б е р у г е б о л м а й д ы .

Арнайы рұқсатқа бақылау талонының жоғарғы бөлігі, алымдардың қиылған сомасымен қоса, тасымалдаушыға арнайы рұқсатпен бірге беріледі, ал алымдар сомасының қалдық көрсеткіштері бар төменгі бөлігі арнайы рұқсаттың түбіршегімен бірге, басқарманың бухгалтериясына тапсырылады.

Арнайы рұқсатқа және арнайы рұқсаттың түбіршегіне бақылау талонының Қазақстан Республикасының жолдары бойынша ірі көлемді және ауыр салмақты автокөлік құралдарының жол жүруі үшін алымдар сомасын толтыру және киюдың мысалы қоса беріледі.

Қазақстан Республикасының жолдары бойынша N _____
ірі көлемді және ауыр салмақты **АРНАЙЫ РҰҚСАТҚА**
көлік құралдарының қозғалуына **БАҚЫЛАУ ТАЛОНЫ**

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша ірі көлемді және ауыр салмақты көлік құралдарының жол жүруі үшін алынатын алым сомасы жиырма алты мың алты жүз жетпіс теңге.

(жазбаша)

Ескерту: Осы бақылау талоны тиісті Қазақстан Республикасының жолдары бойынша ірі көлемді және ауыр салмақты көлік құралдарының қозғалуына арнайы рұқсаттың міндетті қосымшасы болып табылады

			Т е ң ғ е	
	1 0 0 0 0	1 0 0 0	1 0 0	1 0
	2 0 0 0 0	2 0 0 0	2 0 0	2 0
	-----	3 0 0 0	3 0 0	3 0
Жоғарғы жағы тасымалдаушыға арнайы рұқсатпен бірге беріледі	4000	5000	400	40
		6 0 0 0	5 0 0	5 0
		-----	6 0 0	6 0
			-----	7 0
			-	-
1000000	100000		Төменгі жағы арнайы рұқсаттың түбіртегімен бірге тапсырылады	1
2000000	200000			2
3000000	300000	30000		3
4000000	400000	40000		4
5000000	500000	50000		5
6000000	600000	60000		6
7000000	700000	70000	7000	700
8000000	800000	80000	8000	800
9000000	900000	90000	9000	900
			-----	80
				90
				9

Қазақстан Республикасының жолдары бойынша N _____ ірі көлемді және ауыр салмақты көлік құралдарының қозғалуына **АРНАЙЫ РҰҚСАТТЫҢ ТҮБІРТЕГІНЕ БАҚЫЛАУ ТАЛОНЫ**

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша ірі көлемді және ауыр салмақты көлік құралдарының жол жүруі үшін алынатын алым сомасы жиырма алты мың алты жүз жетпіс теңге.

(ж а з б а ш а)

Арнайы рұқсатты алдым: _____

(күні, тасымалдаушының тегі, аты-жөні)

Ескерту: Осы бақылау талоны тиісті Қазақстан Республикасының жолдары бойынша ірі көлемді және ауыр салмақты көлік құралдарының қозғалуына арнайы рұқсаттың түбіртегіне міндетті қосымша болып табылады

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК